

Халықаралық жеке құқық



Халықаралық жеке құқық

Халықаралық жеке құқықтың дамуына бүгінгі күнгі әр-түрлі факторлар тиімді әсер етуде.

Біріншіден, шаруашылық өмірдің интерұлтандырудың объективті процесі осыған сай жан-жақты экономикалық қатынастардың жана деңгейін талап етуде. Бұл тұстағы айқын мысал ретінде еуропалық континенттік дамуды атауға болады. Шаруашылық өмірдің интерұлтандырудың жарқын көрінісі ретінде жан-жақты экономикалық және экономикалық - техникалық қауымдастықтың дамуын атауға болады. Егер де ХІХ-ХХ ғасырларда ол қатынастар тек саудамен ғана шектеліп отырған болса, ендігі ХХ-ХХІ ғасырларда бұл тек тауар мен қызмет алмасу ғана емес, сонымен қатар өндірістік қауымдастық, оның құрамына бірлескен кәсіпорындар мен өндірістер, бірлескен зерттеулер мен ізденістерді жүргізулерді қамтиды.

Екіншіден, бұл жағдай – соғыстар мен түрлі сипаттағы қақтығыстар, саяси және ұлттық себептер, сонымен қатар жұмысқа орналасу мен білім алуға байланысты халықтың көшіп-қонуының (миграциясының) тез арада өсіп кеуі сияқты себептерден болды.

Үшіншіден, ғылыми-техникалық прогресс бір жағынан, екінші жағынан коммуникациядағы, көлік жетістіктері арқасында көптеген елдер өзара жақындасты. Осының арқасында, жалпы, адамзаттық қарым-қатынас дамыды: телерадио құралдары, бейнетехника мен спутниктік құрылғыларды қолдануға байланысты ғылымда болып жатқан жетістіктер дүние жүзінде әр түрлі хабарларды тез арада таратып отыруға мүмкіндік берді; космосты игерудегі жетістіктер де бар. Ал екінші жағынан ғылыми-техникалық прогрестің кертартпа тұстары тағы бар, атап айтқанда, Чернобыль мен Ирактағы трагедиялар, өз кезегінде қоршаған ортаның ластануы мен улануы бір ғана мемлекеттің шекарасымен шектеліп қана қоймайды.

Халықаралық жеке құқықтың мақсаты

Әр түрлі елдердің фирмалары мен кәсіпорындарына іскерлік байланыстарды құқықтық реттеу болып табылады.

Қатынастардың екінші бір тобы – шетелдік қатысушылар, яғни жеке тұлғалардың қатысуымен болады. Халықаралық құқық-тағы сияқты халықаралық жеке құқықта да, жалпы қоғамдық мүдде мен жеке тұлғаның мүдделері толығымен ескерілуге жатады.

Халықаралық жеке құқық шетелдіктердің жеке мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын, олардың еңбек, отбасы және басқа салалардағы құқықтарын қарастырады. Осы аталған құқықтардың сақталуына кепіл болу халықаралық жеке құқықта басты орынға қойылады, әсіресе, бұл аралас (шетелдің қатысуымен) некелерге, отбасылардың түрлі мемлекет азаматтарынан құрылуына байланысты болып табылады. Халықаралық жеке құқық нормаларын қолдана отырып, Қазақстандағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайын және біздің азаматтардың шетел мемлекетіндегі жағдайы анықталады.

Халықаралық жеке құқықтың басты маңызы

Халықаралық қатынастарды гуманизациялануы болып табылады. Барлық мемлекеттердің халықаралық қатынас реттеуінде қатысушылардың бастыназары - адам, оның жағдайы, құқықтары мен бостандықтары болуы тиіс.


Мемлекеттер арасындағы қауымдастық туралы мәселелерді шешу кезінде құқық және оның әдістері мен құрылымдарының орны ерекше болып келеді.

Халықаралық жеке құқықтың өзіндік ерекшелігі осы мемлекеттердің құқық жүйелерінің арасындағы айырмашылықты ескере отырып, коллизиялық деп аталатын нормалардың көмегімен қолданбалы құқықты анықтауға болады. Халықаралық жеке құқықтың реттеу пәні ретінде халықаралық өмір-де пайда болатын азаматтық-құқықтық сипаттағы түрлі қатынастар танылады.

Сонымен


Халықаралық жеке құқық – шетел элементімен күрделенген азаматтық-құқықтық қатынастарды реттейтін коллизиялық-құқықтық және бірыңғайланған материалдық-құқықтық нормалардың(ережелерінің) жүйесі.

Халықаралық жеке құқық халықаралық жария құқықпен (не жалпы халықаралық құқықпен) тығыз байланысты. Халықаралық жеке құқық өз алдына, тәуелсіз құқық жүйесі болып табылады.



Халықаралық жария құқық пен халықаралық жеке құқықтың нормаларын басты мақсаты

Халықаралық жария құқық пен халықаралық жеке құқықтың әр түрлі саладағы халықаралық қауымдастықты дамытудың құқықтық алғышарттарын дайындау қызметін атқару және ол екеуінің арасындағы ортақ сипат: –кең мағынада, екі немесе одан да көп мемлекеттердің қатысуымен болатын, бір мемлекет аумағынан тыс туындайтын қатынастар ретінде танылады. Дегенмен, халықаралық жеке құқық жария құқықтық емес, жеке құқықтық қатынастарды реттейді. Бұл реттегі халықаралық дегеніміз шетел элементіменшиеленіскен қатынастарды білдіреді. нормаларын басты мақсаты



Халықаралық жеке құқықтың халықаралық жария құқықтан ең бірінші айырмашылығы

Олардың реттейтін қатынастарының мазмұнының әртүрлігінде. Халықаралық жария құқықта мемлекеттер арасындағы саяси қарым-қатынастар, бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздік, мемлекеттің егемендігі мәселелері, мемлекеттің ішкі істеріне араласпау, қарусыздану сияқты мәселелер қарастырылады. Сонымен қатар халықаралық жария құқықта халықаралық сауда, экономикалық әрекеттесу сияқты мәселелердің кең етек алуы халықаралық экономикалық құқықтың туындауына ықпал етеді. Дегенмен, олармен реттелетін қатынастар азаматтық-құқықтық емес, мемлекетаралық сипатқа ие болып табылады. Ал халықаралық жеке құқыққа келер болсақ, оның реттеу аясы халықаралық қатынастардағы осы жеке құқық саласында көрініс табады. Бұл ең біріншіден, мүлктік қатынастар (мәселен, авторлық пен патенттік құқық саласында), яғни бұлар халықаралық жеке құқықтың реттеу аясына жататын қатынастар болып табылады.



Мемлекеттер


Халықаралық жария құқықтың негізгі субъектілері болып табылады. Сонымен қатар, халықаралық ұйымдар мен өз тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресуші халықтарда осы топқа жатқызады. Ал халықаралық жеке құқықтың қатысушылары мемлекет қана емес (бірақ оның қатысуы да жоққа шығарылмайды) алайда, ең басты қатысушылар болып жеке және заңды тұлғалар танылады. Жеке тұлғалар – бұл азаматтар, ал заңды тұлғалар – бұл мемлекеттік ұйымдар, жеке фирмалар, өндірістер, ғылыми зерттеу және басқа да ұйымдар.



Халықаралық жеке құқықты халықаралық жария құқықтан ерекшелейтін үшінші белгісі


Халықаралық шарт, халықаралық жария құқықта қатынастарды реттеудің негізгі қайнар көзі болып табылады. Халықаралық жеке құқықта да халықаралық шарттардың алатын орны ерекше, бірақ олардың ережелері кейбір мемлекеттердің заңнамаларында көрініс тапса да, таппаса да береді, алайда кейбір мемлекеттерде ол шарт тек мемлекет санкциясын алған уақыттан бастап қолданысқа енгізіледі.

Халықаралық жеке құқықта маңызды орынды (бұл халықаралық жария құқыққа барынша тән қасиет) таза ішкі сипаттағы заңнама, сот және арбитраж тәжірибесі алады.



Халықаралық жеке құқықтың мәнін анықтағаннан кейін, оны құқықтық тұрғыдан алғандағы түсінігіне байланысты пікірлерді қарастыру.

Кеңестік дәуірде осы ғылымның дамуының алдында тұрған сұрақтардың бірі халықаралық жеке құқық түсінігіне байланысты болып табылған. Жалпы жағдайларда, лениндік түсінік – біз ешқандай жекелікті танымаймыз, бізде бәрі ортақ, сондықтан да, жария құқықтық деген түсінік қолданылуы қажет деп саналады. Дегенмен де, осы жеке құқық деген сөздің өзі тұтастай алғанда осы ғылымның ішкі мәнін және оның мазмұнын айқындап, өйткені бұл сонау ерте римдік дәуірдегі құқықтарды жеке және жария деп бөлуді ары қарай дамытып отыр. Бұны Ульпиниан қалыптастырған болатын, оның айтуын-ша; “жария құқық мемлекеттің жағдайына байланысты”, ал жеке құқық – жеке тұлғалардың құқықтарына байланысты болып табылады. Халықаралық жеке құқықтағы халықаралық деген ұғым қазіргі кезде аусыз мәселе болып табылады. Бірақ көптеген авторлардың пікірі бойынша, халықаралық жеке құқық барынша ішкі құқықпен тығыз байланыстағы құқық саласы ретінде танылады және ұлттық құқық жүйесінің бөлігі болып табылады. Ал енді ең соңғы авторлардың қатары, құқық деген сөзге өздерінің қарсылығын білдірді, себебі олардың пікірі бойынша халықаралық жеке құқық ол реттеуші функцияны емес, тек қана сілтемелік функцияны атқарады және мұндағы басты мәселе коллизиялық ережелер болып табылады.



В.М. Корецкий өзінің «Очерки международного частного права» деген кітабында осы пәнге қатысты деген 50-ден астам пәннің атауын ұсынады

Олардың қатарына келесі пәндерді жатқызуға болады: 1) халықаралық азаматтық құқық; 2) халық-аралық шаруашылық құқық; 3) жеке құқықтық қатынастардың халықаралық режимі; 4) халықаралық жеке құқық; 5) шетелдік құқықты қолдану; 6) халықаралық құқық қағидаларына сәйкес түрлі мемлекеттердің заңдарын қолдану; 7) мемлекеттердің аумағынан тыс жерлерде құқықты тану; 8) құқықты тану; 9) шетелдіктердің жалпы жеке құқықтары; 10) бөлектейтін құқық; 11) жеке құқықтық саласындағы құқыққақтығыстардың теориясы; 12) құқыққақтығысыт. б.

«Халықаралық жеке құқық» термині алғаш рет 1834 жылы американдық Жоғарғы Соттың мүшесі Джозеф Сторидің «Коллизиялық құқыққа түсіндірме» атты еңбегінде көрініс тауып, кейіннен бүкіл Еуропаға таралып кетті. Дегенмен, бұл терминді құраушы барлық элементтер – «халықаралық», «жеке», «құқық» - көптеген мемлекеттерде сынға ұшырап, бірден мақұлдана қойған жоқ.